

# МАЗМҰНЫ / СОДЕРЖАНИЕ / CONTENT

## Мақала туралы мәлімет

Конференция атауы	«Жастар және ғылым: бүгін мен болашағы» жас ғалымдардың халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдар жинағы
Сборник	«Молодежь и наука: настоящее и будущее». Сборник материалов Международной научно-практической конференции молодых ученых
Conference	The collection of materials from the International Scientific and Practical Conference of Young Scientists «Youth and Science: Present and Future»
Өткізілген күні	7 сәуір 2025, Атырау
ISBN	978-601-262-587-5
Жинақтағы жариялану №	105
Жинақтағы беттері	493-496
ӘОЖ/УДК/UDC	ӘОЖ 351.74:342
Секция	Секция IV. II Адам құқығын қорғау – құқықтық және әділ мемлекет құрудың кепілі/ / Защита прав человека – залог создания правового и справедливого государства
Автор(лар)	Мансұр Ернұр Мадидұлы
Мәртебесі	Студент
Ғылыми жетекші	Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы Ерёменко Н.С.
Мақала атауы	ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТПЕН ҚОРҒАНЫС САЛАСЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

Ескерту: бұл бет сайтқа орналастыру және мақала PDF-ін сәйкестендіру үшін қосылды. Төменде жинақтағы мақаланың түпнұсқа беттері берілген.

- 15.Қазақ КСР-інің «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекс» Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің 1984 жылғы 22 наурызда қабылдаған [https://adilet.zan.kz/rus/docs/K840001000\\_#z0](https://adilet.zan.kz/rus/docs/K840001000_#z0)
- 16.«Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы N 155 Кодексі.[https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010000155\\_#z42](https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K010000155_#z42)
- 17.<https://office.sud.kz/lawsuit/documentList.xhtml>

ӘОЖ 351.74:342

## ӘСКЕРИ ҚЫЗМЕТПЕН ҚОРҒАНЫС САЛАСЫН ӘКІМШІЛІК ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ

**Мансұр Ернұр Мадияұлы**

[ernurmansur.11@mail.ru](mailto:ernurmansur.11@mail.ru)

Ю-40-21к 4-курс студенті

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды зерттеу университеті  
Қарағанды қаласы, Қазақстан Республикасы  
Ғылыми жетекшісі, з.ғ.м., аға оқытушы Ерменко Н.С.

Қазақстан Республикасының Конституциясы 36-бабына сәйкес, Республика азаматтары заңда белгіленген тәртіп пен түрлер бойынша әскери қызмет атқарады [1].

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңында әскери қызмет – егемендікті, аумақтық тұтастықты және Қазақстан Республикасы Мемлекеттік шекарасының қол сұғылмаушылығын қарулы қорғаумен байланысты әскери қауіпсіздікті тікелей қамтамасыз етуге бағытталған Қарулы Күштер, басқа да әскерлер мен әскери құралымдар әскери қызметшілерінің мемлекеттік қызметінің ерекше түрі деп анықтады [2].

Қазақстан Республикасының «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңында офицерлер құрамын: қатардағы жауынгерлер; сержанттар; офицерлер; жоғары офицерлер құрайды [2].

Осы заң әскери қызметте шекті жасты да бекітті:

- қатардағы және кіші сержанттық құрамдардың әскери қызметшілеріне – қырық бес жас;
- майорға (үшінші дәрежелі капитанға) дейінгіні қоса алғанда, аға сержанттық құрамның және офицерлік құрамның әскери қызметшілеріне – қырық жеті жас;
- подполковниктерге – қырық сегіз жас;
- жоғары сержанттар құрамының әскери қызметшілеріне және полковниктерге (бірінші дәрежелі капитандарға) – елу бес жас;
- генерал-майорларға (контр-адмиралдарға), генерал-лейтенанттарға (вице-адмиралдарға) – алпыс жас;
- генерал-полковниктерге, адмиралдарға және армия генералдарына – алпыс үш жас болып белгіленеді [2].

Әскери қызмет пен қорғаныс саласы кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері мен қорғаныс жүйесі мемлекеттік басқарудың әкімшілік-құқықтық нормалары арқылы реттеледі. Бұл жүйенің тиімді қызмет етуі үшін әкімшілік құқықтың рөлі зор. С.Окишевтің «Современная бронетехника России: критические замечания и тактическая схема» мақаласында әскери қызметті мемлекеттің қорғаныс қабілетін қамтамасыз ететін және ұлттық қауіпсіздікті нығайтатын маңызды сала деп сипаттайды [3;6]. Қазақстан Республикасында әскери қызметті реттейтін әкімшілік-құқықтық нормалар әскери құрылымдардың қызметін ұйымдастыруға, әскери қызметшілердің құқықтары мен

міндеттерін айқындауға және әскери тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған.

Әскери қызметтің әкімшілік-құқықтық реттелуінің негізгі бағыттары күрделі әрі жан-жақты ақпараттарды қалыптастыратын сала. Әскери қызметті реттейтін әкімшілік құқықтық нормалар келесі негізгі бағыттарда қолданылады:

— Мемлекеттік басқару жүйесінде әскери қызметтің әкімшілік реттелуі мемлекеттік органдар мен Қарулы Күштер арасындағы өзара әрекеттестікті қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі, Бас штаб және әскери округтер әскери басқару құрылымдарының негізгі буындары болып табылады. Олардың қызметі заңнамалық және әкімшілік актілер арқылы реттеледі.

— Әскери тәртіп – Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындығы мен тиімділігін қамтамасыз ететін маңызды фактор. Әскери қызметшілерге қойылатын негізгі талаптар әскери жарғылар мен тәртіптік ережелер арқылы белгіленеді. Әскери тәртіптің бұзылуы тәртіптік немесе әкімшілік жауапкершілікке әкеп соғады, бұл ретте қатаң талаптар қойылады.

— Әскери қызметшілерге арналған әлеуметтік кепілдіктер мемлекеттен берілетін қажетті көмектердің бірі. Мемлекет әскери қызметшілерге бірқатар әлеуметтік кепілдіктер береді, соның ішінде атап өтсек: әлеуметтік қорғау (зейнетақы, өтемақылар, сақтандыру); тұрғын үймен қамтамасыз ету; медициналық қызмет көрсету; білім алу мен біліктілікті арттыру мүмкіндіктері.

— Әскери қызмет саласындағы құқық бұзушылықтар әкімшілік және қылмыстық құқық нормаларымен реттеледі. Әскери қызметшілер үшін: тәртіптік жауапкершілік; әкімшілік жауапкершілік; қылмыстық жауапкершілік қарастырылған [4;1].

Әскери қызметшілердің құқықтары олардың қызметтік міндеттерін тиімді орындауға, әлеуметтік қорғауға және кәсіби дамуға бағытталған. Негізгі құқықтарына мыналар жатады:

— Мемлекеттік қорғаныс жүйесінде заңмен бекітілген міндеттерді орындау;

— Мемлекеттік және әскери қызметке қатысты заңнама шеңберінде әлеуметтік жеңілдіктер алу;

— Әлеуметтік және медициналық қамтамасыз ету;

— Тұрғын үймен қамтамасыз етілу;

— Еңбек және демалыс құқықтары;

— Әскери қызметін атқару барысында заңды мүдделерінің қорғалуы [2].

Әскери қызметшілердің құқықтары заңнамалық деңгейде бекітілген және олардың әлеуметтік жағдайын нығайтуға бағытталған.

Әскери қызметшілердің міндеттері Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін қамтамасыз етуге және әскери тәртіпті сақтауға бағытталған. Олардың негізгі міндеттері:

— Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын сақтау;

— Әскери жарғылар мен бұйрықтарды орындау;

— Мемлекеттік және әскери құпияларды сақтау;

— Жоғары әскери тәртіп пен қызметтік борышын бұлжытпай орындау;

— Қарулы Күштердің жауынгерлік дайындығын қамтамасыз ету;

— Азаматтық қоғаммен өзара іс-қимыл жасау және әскери-патриоттық тәрбие беру [2].

Әскери қызметшілердің міндеттерін орындау арқасында жұмыс өнімділігі арттырады және қоғамдық қатынастардағы тыныштыққа жауап береді.

В.Бельконың «Обеспечение соответствия специальностей научно-ориентированного военного образования теориям военной науки как перспективное направление ее развития» атты мақаласында әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын қамтамасыз ету және қорғау – мемлекеттің басым бағыттарының бірі деп түсіндіреді [5;2]. Әскери қызмет пен қорғаныс саласы – мемлекеттің ұлттық қауіпсіздігі мен егемендігін қамтамасыз ететін негізгі бағыттардың бірі. Әкімшілік-құқықтық реттеу осы саладағы мемлекеттік саясаттың жүзеге асырылуын, әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттерін, қорғаныс құрылымдарының ұйымдастырылуын анықтайды [4;1].

Әскери қызмет пен қорғаныс саласы кез келген мемлекеттің қауіпсіздігі мен

тұрақтылығын қамтамасыз етудің маңызды бөлігі болып табылады. Сондықтан Қазақстан Республикасында бұл саланы дамытуға ерекше көңіл бөлінеді. Әскери жүйені жетілдіру және заманауи қауіп-қатерлерге төтеп беру үшін қорғаныс саласында бірқатар реформалар жүзеге асырылуда. Бұл реформалар әскери қызметтің сапасын арттыруға, әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсартуға, заманауи технологияларды енгізуге және қорғаныс жүйесін нығайтуға бағытталған.

Қазіргі заманғы соғыс жүргізу тәсілдері мен әскери стратегиялар қарқынды өзгеруде. Цифрлық технологиялардың дамуы әскери салаға үлкен өзгерістер әкелді. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігі әскери басқару жүйесін жетілдіру үшін цифрландыруды белсенді түрде енгізіп жатыр. Негізгі бағыттары:

- Автоматтандырылған басқару жүйелері – әскери бөлімшелер мен командалық пункттерді заманауи бағдарламалар арқылы басқару;
- Барлау және қадағалау жүйелерін жетілдіру – дрондар, спутниктік бақылау және электрондық барлау құралдарын кеңінен пайдалану;
- Әскери дайындықты қашықтан оқыту – онлайн симуляторлар мен компьютерлік бағдарламалар арқылы әскери дайындық деңгейін көтеру;
- Киберқауіпсіздік – әскери құпия ақпараттың қорғалуын күшейту және кибершабуылдарға қарсы жүйелерді дамыту [4;1].

Әскери қызметтің кәсіби деңгейін арттыру үшін Қазақстанда келісімшарттық әскери қызмет жүйесі жетілдірілуде. Бұл жүйе әскер қатарында қызмет етуге дайын, білікті мамандарды тартуға және әскери кадрлардың тұрақтылығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді [6]. Келісімшарттық әскери қызметтің артықшылықтары:

- Әскери мамандардың біліктілігін арттыру;
- Қызмет мерзімінің тұрақтылығы және тәжірибелі әскери кадрлардың сақталуы;
- Әлеуметтік жеңілдіктер мен жоғары еңбекақы төлеу арқылы әскери мамандықтың беделін көтеру;
- Әскерге шақыру жүйесінің ауыртпалығын азайту және кәсіби дайындық деңгейін арттыру

Қазақстан Республикасының Конституциясы мен «Әскери қызмет және Қорғаныс туралы» заңдары әскери қызмет пен қорғаныс саласын әкімшілік құқықтық реттеу жүйесінің негізі болып табылады. Мемлекеттік органдар мен қорғаныс жүйесін реттейтін заңдар мен нормативтік актілер әскери қызметшілердің құқықтарын, міндеттерін және әлеуметтік қорғау шараларын анықтайды.

Қазақстан Республикасының «Қорғаныс және Қарулы Күштер туралы» заңы әскери қызметті ұйымдастырудың құқықтық негіздерін айқындайды. Заңға сәйкес, Қазақстанның Қарулы Күштері мемлекеттің қорғанысын қамтамасыз ету үшін құрылған. Бұл заңның негізінде Әскери қызметтің құқықтық мәртебесін, мемлекеттік қорғаныс жүйесін, әскердің ұйымдық құрылымын, сондай-ақ қорғаныс саласының әкімшілік реттеуін айқындайтын нормативтік актілер бар.

Әкімшілік құқықтық реттеу аспектілері:

– Әскери қызметтің әкімшілік реттелуі. Әскери қызметшілердің құқықтық мәртебесін анықтайтын заңдар мен нормативтік актілерде әкімшілік құқықтық реттеу шаралары қарастырылған. Мысалы, әскери қызметке шақыру, әскери қызметшілердің әскери міндеттерін орындауы, әскери тәртіпті сақтау және әскери қызметтің барлық ұйымдастырушылық шаралары әкімшілік құқықтық тәртіп бойынша реттеледі.

– Әскери қызметшілердің әкімшілік құқықтық жауапкершілігі. Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттеріне қатысты әкімшілік жауапкершілік белгіленген. Әскери тәртіпті бұзу немесе әскери қызметке қатысты қылмыстарға заңды шаралар қолдану үшін әкімшілік құқық қолдану механизмі қарастырылған.

– Әскери қызметшілердің әлеуметтік-құқықтық қорғалуы. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқықтық жүйесі әскери қызметшілердің әлеуметтік құқықтарын

қорғауды қамтамасыз етеді. Оларға әлеуметтік жеңілдіктер мен әлеуметтік кепілдіктер, тұрмыс жағдайларын жақсартуға арналған шаралар, әскери қызметшілердің отбасыларына көрсетілетін қолдау шаралары белгіленеді. Бұл мәселелер де әкімшілік құқықтық реттеу арқылы жүзеге асырылады.

– Әскери қызметпен байланысты әкімшілік құқық бұзушылықтар. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы Кодексі әскери қызметшілерге қатысты жасалатын әкімшілік құқық бұзушылықтарды, оның ішінде әскери тәртіптің бұзылуын, құқықтық нормаларды бұзу іс-әрекеттерін айқындайды. Әскери саладағы қызметкерлердің құқық бұзушылықтары туралы мәліметтер әкімшілік кодекске сәйкес құқықтық жауапкершілікті талап етеді.

– Қорғаныс саласын реттейтін басқа да нормативтік актілер. Қорғаныс саласындағы құқықтық реттеу қазақстандық әкімшілік құқықты нығайтуға бағытталған бірқатар нормативтік актілермен қамтамасыз етіледі. Олар әскери қызметшілердің жұмысын, қаржылық қамтамасыз ету мен бақылауды, әскери дайындықтың тиімділігін арттыру мақсатында қабылданған [7].

Нақтылай кетсек, әскери қызметпен қорғаныс саласындағы әкімшілік құқықтық реттеу әскери қызметшілердің құқықтарын, міндеттерін, әлеуметтік жағдайын жақсартуға және Қарулы Күштердің тиімді қызмет етуіне бағытталған. Қазақстан Республикасының заңнамасы осы бағыттағы жұмысын үздіксіз жетілдіріп отырады, бұл өз кезегінде мемлекеттің қорғаныс қабілетін арттыруға ықпал етеді.

Қазақстан Республикасында әскери қызмет пен қорғаныс саласын реттеу мемлекеттік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қарулы Күштердің тиімділігін арттыру және әскери қызметшілердің құқықтарын қорғау тұрғысынан ерекше маңызға ие. Дегенмен, бұл салада әлі де шешуді талап ететін бірқатар әкімшілік-құқықтық мәселелер бар. Оларды шешу үшін мемлекеттік органдар тарапынан бірқатар шаралар қабылдануы тиіс. Ұсыныс ретінде төменде жазылған ұсыныстарға мән беруіңізді сұраймыз.

Әскери тәртіптің бұзылуы және әскери құқық бұзушылықтар. Әскери қызметте тәртіп бұзушылықтар мен құқық бұзушылықтар әлі де кездеседі, оның ішінде әскери қызметкерлердің тәртіпсіздігі, қызметтік міндеттерін дұрыс орындамауы әскери қылмыстардың орын алуы. Бұл жағдайлар мемлекет қорғанысының тиімділігіне кері әсер етеді. Аталған мәселені шешу мақсатында әскери бөлімшелер мен қызметкерлер арасында тәртіп бұзушылықтарды болдырмау үшін арнайы бақылау және қадағалау механизмдерін енгізу қажет деп санаймыз.

Әскери қызметтің кәсібилігін арттыру мәселесі. Қазіргі таңда Қазақстан армиясындағы әскери қызметшілердің кәсібилігі мен білім деңгейі жетілдіруді қажет етеді. Әскерде білікті мамандар мен тәжірибелі әскери кадрлардың тапшылығы әлі де байқалады. Осы мәселенің шешімі - келісімшарт бойынша қызмет ететін мамандардың санын арттыру, олардың әлеуметтік мәртебесін көтеру және кәсіби дайындық деңгейін жақсарту деп ойлаймыз.

Қазақстан Республикасында әскери қызмет пен қорғаныс саласын әкімшілік-құқықтық реттеу мемлекеттің қауіпсіздігі мен тұрақтылығын қамтамасыз етуде шешуші рөл атқарады. Әскери қызметтің тиімді ұйымдастырылуы мен орындалуы, сондай-ақ әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттері заңмен айқындалған және осы саладағы құқықтық нормалар олардың қызметтік борышын орындауына негіз қалайды. Әскери қызметшілердің әлеуметтік жағдайын жақсарту, олардың құқықтарын қорғау үшін мемлекет бірқатар шаралар қабылдауда. Әскери қызметке арналған әлеуметтік кепілдіктер, әскери тәртіп пен құқық бұзушылықтар, әскери білім беру мен кәсіби дайындық курстарының сапасы да маңызды мәселелердің қатарында.

Әскери қызметшілердің құқықтары мен міндеттерін реттейтін әкімшілік-құқықтық нормалар оларды қорғауға бағытталған, бірақ әлі де көптеген мәселелер шешуді талап етеді. Әскери тәртіпті сақтау, қызметшілердің құқықтық сауатын арттыру, сондай-ақ құқық бұзушылықтар мен сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес шараларын күшейту қажет. Бұдан бөлек, әскери қызметтің сапасын арттыру үшін цифрландыру мен келісімшарттық әскери